№ исх: 26-02//ДЗ-38/6911 от: 14.02.2020

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ**
**СЫРТҚЫ ІСТЕР**
**МИНИСТРЛІГІ**

**МИНИСТЕРСТВО**
**ИНОСТРАННЫХ ДЕЛ**
**РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

010000, Нұр-Сұлтан қаласы,
Дінмұхамед Қонаев көшесі, 31 ғимарат
тел.: 72-05-18, факс: 72-05-16
201____жылғы ________________________
№________________________________

010000, город Нур-Султан,
улица Динмухамеда Кунаева, здание 31
тел.: 72-05-18, факс: 72-05-16
«_____»______________201____г.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ**
**ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ**
**ДЕПУТАТЫ**
**А.Т. ПЕРУАШЕВҚА**

*2020 жылғы 7 ақпандағы*
*№ДЗ-38 хатқа қатысты*

**Құрметті Азат Тұрлыбекұлы!**

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және оффшорға шығарылған миллиардтаған қаржыны Қазақстанға қайтару, сондай-ақ БҰҰ шеңберінде Қаржылық есептілік, ашықтық және тұтастық жөніндегі жоғары деңгейдегі топ құру туралы бастамаға қатысты депутаттық сауалыңызға келесіні хабарлайды.

2020 жылғы 28 қаңтарда БҰҰ штаб-пәтерінде БҰҰ Бас Ассамблеясының 74 сессиясының Төрағасы Т.Мұхаммад-Банде және БҰҰ Экономикалық және Әлеуметтік Кеңесінің (ЭӘК) Төрағасы М.Йуул Қаржылық есеп беру, ашықтық және тұтастық жөнінде жоғары деңгейлі топ құру туралы бірлескен бастаманы ұсынды (*High-level panel on financial accountability, transparency and integrity, FACTI*).

Бұл топ Бас Ассамблеяның және БҰҰ Экономикалық және әлеуметтік кеңесінің (ЭӘК) қарамағында заңсыз әкетілген активтерді қайтару және оларды орнықты даму мақсаттарына (ОДМ) қол жеткізуге бағытталған жобаларға пайдалану үшін жұмыс істейді. Жоғары деңгейдегі топтың негізгі күш-жігері қаржы ағындары саласында анағұрлым ашықтыққа қол жеткізуге, қаржыны заңсыз шығаруды тоқтату және ұрланған қаражатты шыққан еліне қайтаруға қатысты ұсыныстар әзірлеуге бағытталады.

Осы саладағы ынтымақтастықтың құқықтық негізі ұрланған активтерді қайтару мүмкіндігін қарастыратын 2003 жылғы БҰҰ-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы болып табылады. Сонымен бірге, Конвенцияның ережелерін іс жүзінде іске асыру кезінде «трансшекаралық проблемалар» туындайды, олар халықаралық деңгейде жан-жақты іс-қимылды талап етеді, мысал ретінде ұлттық құқықтық жүйелер арасындағы

14.02.2020 Копия электронного документа.

айырмашылықтар және ұрланған мүлікті тәркілеу процесінде бірыңғай тәсілдің болмауын келтіруге болады.

БҰҰ жоғары деңгейдегі тобы мен оның толық құрамы осы жылдың наурыз айының басында жарияланады (алдын ала – 2 наурызда). Данияның бұрынғы Премьер-Министрі Х.Торнинг-Шмитт және Нигердің бұрынғы Премьер-Министрі И.Ассан Маяки оның тең төрағалары болып тағайындалды. Алғашқы кезеңде топтың отырыстары жылына төрт рет әлемнің әртүрлі өңірлерінде өтеді.

Топ 2020 жылғы шілдеде аралық есепті және 2021 жылғы қаңтарда ұсыныстары бар қорытынды есепті ұсынады. Хатшылық Норвегия Үкіметі мен БҰҰ Бас Ассамблеясы Төрағасы кеңсесінің қаржылық қолдауымен БҰҰ-ның штаб-пәтерінде Экономикалық және әлеуметтік мәселелер департаментінде (ЭӘМД) орналастырылады.

Бас Ассамблеяның Төрағасы Кеңсесінің ақпараты бойынша, бұл топ туралы ережелер жақын арада таратылады, олар келіп түскеннен соң Сізге жіберілетін болады. Осы Ережені зерделегеннен кейін, ҚР СІМ осы топтың жұмысына қосылу мәселесін зерделеуді бастайды. Жұмыс нәтижелері бойынша ҚР СІМ Сізге қосымша хабарлайды.

**МИНИСТРДІҢ М.А.** **Ш.НҰРЫШЕВ**

*Орынд.: Р.Рұстамбеков*
*Тел.: 72-03-92*

**ДЕПУТАТУ**
**МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА**
**РЕСПУБЛИКИ ҚАЗАХСТАН**
**ПЕРУАШЕВУ А.Т.**

*На письмо №ДЗ-38 от 7 февраля 2020 г.*

**Уважаемый Азат Турлыбекулы!**

Министерство иностранных дел Республики Казахстан относительно Вашего депутатского запроса о противодействии коррупции и возврате в Казахстан выведенных в оффшоры многомиллиардных денежных средств, а также об инициативе по созданию в рамках ООН Группы высокого уровня по финансовой отчетности, прозрачности и целостности сообщает нижеследующее.

28 января 2020 г. в штаб-квартире ООН Председатель 74 сессии Генеральной Ассамблеи ООН Т.Мухаммад-Банде и Председатель Экономического и социального совета (ЭКОСОС) ООН М.Йуул представили совместную инициативу по созданию группы высокого уровня по финансовой отчетности, прозрачности и целостности (High-level panel on financial accountability, transparency and integrity, FACTI).

Данная группа будет функционировать под эгидой Генеральной Ассамблеи и ЭКОСОС с целью возвращения незаконно вывезенных активов и их использования на проекты по достижению Целей устойчивого развития (ЦУР). Ключевые усилия группы высокого уровня будут направлены на то, чтобы добиваться большей транспарентности в сфере финансовых потоков, и на разработку рекомендаций о том, как пресекать незаконный отвод средств и возвращать похищенные средства в страны их происхождения.

Правовой основой для сотрудничества в этой сфере служит Конвенция ООН против коррупции от 2003 г., предусматривающая возможность возвращения похищенных активов. Вместе с тем отмечается, что при реализации положений Конвенции на практике возникают так называемые «трансграничные проблемы», которые требуют всесторонних действий на международном уровне, в качестве примера можно привести различия между национальными правовыми системами и отсутствие единого подхода к процессам конфискации похищенных активов.

Официально о создании группы ООН высокого уровня и ее полном составе будет объявлено в начале марта текущего года (предварительно – 2 марта). Ее сопредседателями назначены бывший Премьер-Министр Дании Х.Торнинг-Шмитт и бывший Премьер-Министр Нигера И.Ассан Маяки. На

предварительном этапе заседания группы будут проходить четыре раза в год в разных регионах мира.

Группа представит промежуточный отчет в июле 2020 г. и окончательный отчет с рекомендациями в январе 2021 г. Секретариат будет размещен в штаб-квартире ООН при Департаменте по экономическим и социальным вопросам (ДЭСВ) с финансовой поддержкой правительства Норвегии и Офиса Председателя ГА ООН.

По информации Офиса Председателя Генеральной Ассамблеи в ближайшее время будет распространено Положение о данной группе, которое будет направлено в Ваш адрес по мере получения. После изучения данного Положения МИД РК начнет прорабатывать вопрос подключения к работе данной группы. По итогам работы МИД РК проинформирует Вас дополнительно.

**И.О. МИНИСТРА** **Ш.НУРЫШЕВ**

*Испол.: Р.Рустамбеков*
*Тел.: 72-03-92*

| ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ | | МИНИСТЕРСТВО ИНОСТРАННЫХ ДЕЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН |
|---|---|---|
| **БҰЙРЫҚ** | | **ПРИКАЗ** |
| 2020 ж. 13 ақпан № 24-1-26/73 | | |
| Нұр-Сұлтан қаласы | | город Нур-Султан |

**Министрдің міндетін атқару туралы**

2020 жылғы 14-16 ақпанда Мюнхен қаласында (Германия Федеративтік Республикасы) өтетін Мюнхен қауіпсіздік конференциясына Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың қатысуына орай және конференция аясында іс-шараларға қатысу үшін іссапармен жол жүруіме байланысты, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 38-бабы 1-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН**:

2020 жылғы 14-16 ақпан кезеңінде Министрдің міндетін атқару Министрдің бірінші орынбасары Ш.Ш. Нұрышевқа жүктелсін.

**МИНИСТР** **М. ТІЛЕУБЕРДІ**